




Соңғы жылдары Сыр өңірінде театр саласы жанданып, жаңа есімдер ел жадында сақталуда. Әсіресе, шығармашылық еркіндік пен кәсіби шеберлік арқылы күрделі образды ашуға жүрексіңбейтіндер жетерлік. Солардың бірі – Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының әртісі Жауһар Еркінова. Ол жуырда «Raiymbek Fest» I республикалық театр фестиваліне қатысып, «Ең үздік әйел бейнесі» номинациясын еншіледі. Осы орайда талантты жаспен тілдесіп, театр төңірегіндегі ой-пікірін сұраған болатынбыз.



«Жанар – күрделі бейне»
Өнер тарланы Райымбек Сейтметовтің есімі театр саласында құрметке ие. Тұлғаның атына Түркістан төрінде өткізілген фестивалге қатысуды құп көріп, өнер көрсетуге де ол кісінің шығармашылық жолы шабыт берді. «Raiymbek Fest» I республикалық театр фестиваліне қыргыз драматургы Сұлтан Ыбырайымовтың «Ақ Ләйлек» лирикалық драмасын сақналадық. Мен Жанар рөлін ойнап, сыншылар шешімімен «Ең үздік әйел бейнесі» деген номинацияны иелендім. Көрермендер де образдың ашылуы мен спектакль мазмұнына оң баға берді. Бұл – менің ғана емес, театрдың ортақ табысы.

Жалпы, мен сомдаған Жанар образы – күрделі бейне. Болмыс-бітімге ұқсас та, жат та тұсы көп. Әсіресе, қойылымның екінші бөлігінде кейіпкерім күрт өзгеріске ұшырап, психологиялық бейнесі күрделене түседі. Ішкі арпалыс, жан айнасы құбылады. Кейіпкерді ұға білу маңызды. Міне, сондай түрленген бейнені қатар сомдау қиынның қиыны.

«Әріптестердің көмегі зор»
Өнер жолындағы жемісті жолым Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрымен тығыз байланысты. Мұндағы ұжым мен алдыңғы буын әріптестердің ықылас-ниеті, ақыл-кеңесі

өмірде де, өнерде де бағдар болды. Театрға келгеніме 2-3 жыл болса да жетекші әртістерден өнеге алдым. Сол аралықта Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хүсейін Әмір-Темір, Зәліпа Төлепова секілді тәжірибе мен білім тоғыстырған ұстаздар және Алмагүл Артықбаева, Ақтолқын Төлеуова сынды білікті мамандардан үйренгенім көп. Олар шеберлік шыңдап, кәсіби жетілуге барына қолдау білдіргенін айта кеткен жөн. Кейіпкердің мінез-құлқын ашуға септесіп, шынайы эмоцияны дөп басуға ықпал ете білді. Фестиваль барысында сахналаған қойылымды жоғары дәрежеде өткізуге де жәрдем етті.

«Жастар театрға бармайды деген жалған сөз»
Сыр жастарының өнерге көзқарасы қуантады. Театр құрамының жас өнерпаздармен толығыуы сөзімізге дәлел болары анық. Әрбірі өзіндік жолын қалыптастырып, көрерменін тауып, кейіпкер бейнесін ашуда жемісті еңбек етуде. Көрермендерге келер болсақ, ондағы жас ерекшелік құбылмалы. Алайда соңғы уақытта ЖОО студенттерінің қойылымға келуі үдеді. Сыр жастары театрға бармайды деген жалған сөз. Бір қуанарлығы, мұғалімнің тапсырмасы емес, өз еркімен өнер тамашалауға қызығатын буын қалыптасты. Тіпті топтастармен жиналып, қойылымды бірге талқылайтын жас көп. Бұл театр өнерінің болашағын айқындары сөзсіз.

Әңгімелескен Р. МАҚСҰТ

Келешек жастардың қолында. Мемлекет жас буынның жаңашыл идеясын қолдауға дайын. Соның әсерінен ел дамуына үлес қосып, озық жобаларды жүзеге асырып жүрген жастар саны артты. Олардың арасында студенттер көп. Биыл жоғары оқу орындарында білім алушыларға ерекше назар аударылып, білікті де білімді, жан-жақты болып қалыптасуына ықпал басым. Халықаралық студенттер күніне орайластырылған «DIAMOND SHOW» жастар баллы соған дәлел.



Жастарды қолдау жалғасады

Айтулы шараға аймақтың беткеұстар жастары, белсенді студенттік ұйымдар атсалысты. Шарада арнайы көрме дайындалып, ғылым, мәдениет, спорт және IT салалары бойынша үздік шыққан өрендердің жемісті еңбектері дәріптелді. Көрме белсенді студенттердің көркем еңбегін насихаттап, өзге замандастарына үлгі-өнеге болды. Мерекемен құттықтау үшін шараға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов қатысып, мемлекет және аймақ көлемінде жастар игілігіне бағытталған жоспарларға тоқталды. Сонымен қатар республикалық жарыстарда облыс беделін асқақтатып, қоғамдық шараларда бой көтеріп жүрген белсенділерге облыс

әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Баймановтың алғыс хатын табыстады. Концертке ұласқан шарада жастар вальс билеп, өннен шашу шашты. Студенттер бірін-бірі мерекемен құттықтап, жылы лебізін жеткізді. Қайта оралмайтын тәтті кезеңге арқау болған мерекелік шара әрбір студенттің жүрегінен орын алды. Көңілді кеш заманауи музыкамен көмкеріліп, жастар баллының «Ханзада мен Ханшайымы» анықталды.

Жеңімпаздар қаржылай сыйақымен марапатталды. Жастардың рухын көтеріп, шығармашылығын шыңдайтын шаралар жалғасын таба бермек. Бұл болашақ мамандардың ел игілігі үшін тынбай еңбек етіп, аянбай тер төгуіне мұрындық болады. Қанатын еркін қағу үшін

жүйелі жоспарды жүзеге асыратын, тың идеяларға бастайтын, жүрегіңде тұғи бар білімгер жастарды қалыптастыру күн тәртібінде.

Нұршат НЫШАНОВА

– Ұстаздық қызметте жүрсіз. Ағылшын пәнінің мұғалімі болудың артықшылығына тоқталсаңыз...
– «Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен – тарихтағы ең ұлы істің бірі» демей ме?! Демек ұлық қызметте жүрудің кемшілігі жоқ. Балаға сабақ берудің өзі ғанибет. Университетте оқытушы болғанымға 10 жылдан асыпты. Ал тілдік курстарда 10 жыл репетитор ретінде жұмыс істедім. Байқап қарасаңыз, таңдауымнан тартынып, мамандығымнан алыстаған емеспін. Мәселен, ағылшын тілін меңгеру арқылы әртүрлі елге саяхаттап, әлемдік рейтингтегі беделді жоғары оқу орындарына білім жетілдіруге болады. Сондықтан дамудың таптырмас кілті десем артық емес.

– Жақында Ресейдегі белді университетте біліміңізді шыңдадыңыз. Алған тәжірибе мен әсер қандай?
– Конференция, фестиваль, семинар-форумға барған сайын тың тенденция мен жаңа идея игеремін. Сол үшін мүмкіндікті мүлт жібермей, оқуға көңіл бөлемін. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде білім-ғылым жоғары деңгейде дамыған. Тағылымдамадан өтіп, ерекше әсер алдым. Түрлі тәжірибені байқап, елімізде де жүйе жаңарсын деген ниетпен оралдым. Демек білімнің жоғары дамыған ортасын қалыптастыру негізгі міндетіміз.

2014 жылы Польшада да академиялық ұтқырлық бағдарламасымен оқығанмын. Кейін Қазан қаласына ағылшын тілін оқыту бойынша магистратураға түсіп, бірінші семестрден соң сырттай оқуға қосымша

Нүрзия Мәжитова – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің шетел тілдері және аударма білім беру бағдарламасының оқытушысы, магистр, PhD докторант. Ұшқыр ой мен ұтымды ұсынысы арқылы көш басында. Тіл саласында тиімді тетік табуда, зерттеу жасауда да алшақ емес. Білікті маманның білім жүйесі жайында ойын білген едік.

мамандық іздедім. Өйткені жастық жігер мен қайратты пайдалану бәрінен маңызды. Мәскеудегі екінші магистратурада мемлекеттік және жергілікті басқару бағытында білім алдым. Яғни еуропалық және ресейлік екі диплом еншімде.

Мектеп қабырғасында жүргенде экономист және ағылшын тіліне таңдауым түсті. Магистратурада экономика негізінде бизнес құру мен басқаруды үйрендім. Тайм менеджмент, адамдармен мәмілеге келу тұрғысында тәжірибе жинағаным рас. Бұл өмірлік азығым екенін де білемін. Қазір диссертация қорғауға дайындалып жүрмін. Еліміздегі білім жүйесі, адами капиталдың дамуы сынды салмақты сауалға зерттеуді бастап кеттім.

– Елімізде ағылшын тілін оқыту деңгейіне тоқталайықшы. Шет мемлекеттің білім стандартына бәсеке бола аламыз ба?
– Білім беру ұйымы және оқу орталығы жақсы деңгейде оқытады. Өйткені ағылшын тілінің мұғалімдері шетелден білім алуда. Тәжірибесін сабақта қолданатыны да белгілі. Негізгі деңгей ғылыми тілде коэффициент, индекс, арнайы көрсеткішпен есептеледі.




Сондықтан пайыздық мөлшермен айта алмаймын. Тек ұмтылыс ұсақталмаса, бәсекеге қабілетті болатынымыз анық. Айтарым, оқыту деңгейі ағылшын пәніне ғана емес, тұтас білім жүйесіне қатысты. Бәсеке болу үшін ұлттық калоритімізді сақтай отырып, төл жүйемізді қалыптастыру қажет.

– Жастар тілді меңгерудің түрлі амалын қарастыруда. Қазір интернет жүйесі мен әлеуметтік желіден оқып жүргендер де бар. Айтыңызшы, платформалар репетитордың орнын баса ала ма? Қайсысы тиімді?
– Иә, жастар оқуға құштар, өздігінен үйренуге бейім. Өрине платформа көп, оның сапасын ажырата білу маңызды. Демек интернет желісінде мәліметті саралауға, тапсырмаға бағыттауға жетекші қажет. Ағылшын тілін үйренуде маңыздысы – орта. Платформада оқушы мен студент жалғыз үйренеді. Егер тақырып талданбаса, ағылшын тілінде

екеуара диалог өрбімесе меңгеру күрделі болмақ. Ал ортақ ойы, мақсат-мүддесі бар топ болса тиімділігі едәуір жоғары. Мұның нәтижесі де жақсы. Бәрі баланың қабылдауына байланысты ғой. Өздігінен оқып жетістікке жеткендер бар. Бірақ сонда да оқытушы, жетекшінің нұсқауы керек. Қазір де ағылшын тілін қосымша оқытумен айналысамын. Менде бір талап бар. Тіл үйренуге келген адамның мақсаты болуы шарт. Бала ата-ананың айтуымен ғана келсе оқытпаймын. Өйткені білім алушының құлшынысы мен ынтасы бәрінен маңызды. Сонда сабақты қабылдау, тіл игеруде әлдеқайда жеңіл. Сан емес, сапа маңызды болғандықтан, тек екі студент оқытамын. Қалғанын кейін қабылдаймын. Шәкірттерім жоғары нәтижеге жетіп жүр.

Әңгімелескен Замира ҚОНЫСЖАН





ҚАСҚЫРҒА ҚОЙ,

ГАДЖЕТКЕ ОЙ БАҚТЫРЫП...

КӨРГЕН КӨЗДЕ ЖАЗЫҚ ЖОҚ, БИЛЕМЕСЕ САНА ӨЗІ...

Бүгінде бесіктен белі шықпай жатып, көзілдірік киіп, әлемге әйнектің арғы жағынан қарайтындар артып келеді. Бір қорқыныштысы, көзәйнектің көмегіне мұқтаждардың қатары жасаруда. Әлем бойынша 200 миллион адам түрлі көз ауруынан зардап шегеді. Әсіресе Орта Азия елдерінде көп таралған. Нақтырақ айтсақ, 200 миллионның 11,7 миллионы осы Орта Азия халқы. Бір қызығы, жаңа технологиясы өрістеп дамыған Еуропада бұл көрсеткіш төмен. Яғни, әлгі сандық деректің 0,5 процентін ғана құрайды. Әлемдік ғалымдардың пікіріне сүйенсек, 2050 жылға дейін көзілдірікке мұқтаждар

көрінбесе, бір жақ көз, бас қатты ауырса, көз қызарып, қабақ ісінсе, көздің көруі нашарласа, көз дәрігеріне қаралыңыз. Себебі, суқараңғылық аяқ астынан дамып, көру қабілетінен айырылып қалу қаупі жоғары, – дейді Айжан Жұпарбайқызы.

Уақыт – жүйрік. Кез келген мәселені күн ұзатпай шешу қажет. Білікті маман қай нәрсені емдеу үшін де дер кезінде келу керекін нықтап айтты.

«Офтальмологтар балалар арасында да көз ауруларының көбейіп

бара жатқанын айтып дабыл қағуда. Бұл келеңсіздіктің жылдан жылға артуына ата-ананың бала денсаулығына жауапкершілікпен қарамауы себеп. Мәселен, үлкендер өзінің құлағы тыныш болуды ойлап, баланың теледидар алдында сағаттап отыруына жол береді. Мұнан бөлек, бала компьютерде ойын ойнайды, ұялы телефон, планшетпен сағаттар бойы отыратыны жасырын емес. Күні-түні телефонға, теледидарға, компьютерге шұқшиған баланың көзі тек жақыннан жақсы көруге қалыптасады. Нәтижесінде алыстан көрмеушілік дерті пайда бола бастайды. Әсіресе алғаш мектепке барғанда міндетті түрде көзінің саулығын тексерткені абзал», – дейді офтальмолог.

БАС КЕСПЕК БОЛСА ДА ТІЛ КЕСПЕК ЖОҚ, ТІЛГЕ КЕЛМЕЙТІН ТЕНТЕК ЖОҚ...

Мәселені айтып қалдық. Жаңа технологиялар бала тілінің кеш шығуына да түрткі. Демек, балалар арасындағы көз көру ғана емес, сөйлеу жағдайы да алаңдатады. Бұл бағытта №3 қалалық емханасының логопед дәрігері Гаухар Телғарақызымен әңгімелескен едік.

«Қазіргі таңда «цифровой аутизм», жалпы тіл дамуының қалыс қалу деңгейлері диагнозы көбейіп жатыр. Бұл дерттің негізгі факторы гаджеттерді шамадан тыс көп пайдалану деп санаймыз. Әрине, мұнан өзге де факторлар көп қой, бірақ негізгісі осы. Бала кішкентайында дамып келе жатқанда үілдеу керек. Ата-анасы баламен контактіге түскен кезде, балалармен ойнаған кезде бірнеше даму сатыларынан өту керек. Қазір осы мәселе күн тәртібінде. Ата-аналарға тиімді смартфон, теледидар, компьютер болып тұр. Бала сәл дыбыс шығарса, қолына ұстата қояды. Енді тілі шығып келе жатқан балаға бұлай жасау қастандықпен пара-пара. Оның көзбен көру қабілетін ғана дамытып, дыбыстық дамуын кешеуілдетіп жатыр.

Құлақпен есту, оны ми қорыту және қорытқан нәрсені қайта шығару жүйесі өз уақытынан кешеуілдеп, дамымай қалады. Барлығы өз деңгейінде жетілу керек. Мәселен, мультфильмдер көп, ағылшын, қытай, орыс тілдерінде, тағы бірі мылқау мультфильмдер. Бала соны қабылдап отыр миға. Бала 7 жасқа дейін секіріп, жүгіріп ойнау керек. Физикалық ойлау да болу керек. Ал смартфонға қарап отырып үйренген бала қозғалыс былай тұрсын, мәтінді берсеңіз, оқиды, бірақ миына ештеңе тоқымайды. Міне, осындай ұрпақ қалыптасып келеді. Бұл жағдайда ми бір-ақ функциямен шектеліп қалады. Тек қана – көру. Ал қорыту, анализ жасау деген функциялар істен шығады. Түсініп отырсыз ба? Бұл – үлкен мәселе», – дейді ұрпақ

саулығына мұқият қарайтын маман. Тұтастай орманды бір тал шырпы ғана өртеп жіберуге қауқарлы. Иә, иә, дәл осы тәрізді өмірімізде «талай ауыр жұмысты жеңілдетті, көп мүмкіндіктер сыйлады» деп жүрген гаджеттердің де зияны көп. Бұл – жай мәселе емес, ұлттық түйткіл. Ұлт болып ұйысқандағы мақсатымыз ұлт болып қалу болса, ұрпақтың болашағына алаңдауымыз керек.


«Гаджеттің тағы бір кері әсері бар. Жұрт «Ой, телефоннан біз қытайша үйрендік, ағылшынша білдік» деп жатады ғой. Оның бәрі уақытша нәрсе. Ол мақсатшылдықпен емес, автоматты түрде болып жатқан нәрсе. Ол ағылшынша түсінік айтып, сөйлесіп отырған жоқ. Ол тек жаттанды сөзді айтады. Басқа тілде сөйлеп үйрену үшін алдымен өз тілін меңгеру керек. Қазірде балалардың 3-4 сыныпта түсінік айту сабақтарында мынадай мәселе болып жатыр. Гаджеттерді көп пайдаланған толқын ғой бұлар. Олар оқиды, көреді. Бірақ оқыған нәрсені түсіндіріп айтып, бере алмайды. Тақпақ та жатпай алмайды. Көздің бе, тек көру қабілетінің ғана дамығаны. Бір кездері құлағымыз тыныш болсын деп қолына гаджет ұстатқан балалар бүгін осындай мәселе тудырып отыр. Оны сіз қайтадан қалай тәрбиелейсіз?! Миы қабылдамай тұр. Қорыту процесі дамымаған соң бала әлі өз деңгейіне жете алмауда. Үлкен сыныптың балаларына қарапайым жұмбақ қоясың, шеше алмайды. Мақал-мәтелді оқып беріп, мағынасын түсіндіріп беруін сұрасаңыз, оны да айта алмайды. Олардың миы қорытпайды. Гаджеттер былай тұрсын,

оқиды. Таң азаннан қара кешке дейін смартфон, гаджеттерде отырды. Міне, осы кездерде балалардың арасында тұтығып сөйлеу диагнозы көбейді. Ол уақытта балаларға ешкім шектеу қоймады», – дейді логопед.

Осыдан біраз жыл бұрын мектеп бітірушілерден емтиханды тәстілеу арқылы алуды бастаған сәтте алдыңғы толқын өкілдері «Өз ойын еркін айта алмайтын, тек белгілеп сызуға ғана бейім ұрпақ қалыптасады» деп дабыл қаққан болатын. Біз баланы тәрбиелеп, білімді етуде артық қадамдар жасап жіберіп, салдарын енді сезініп жатқан тәріздіміз.

ЖҮЙКЕСІ ЖҰҚАРҒАН БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

Жоғарыда смартфонды серік етіп, өзінің әлеміне басқа ешкімді қабылдамай, оқшау өмір сүретін балалар жайлы айттық. Иә, көз көру, сөйлеу, ойлау жүйесі, тіпті физикалық тұрғыда қозғалыссыз бала үшін мына өмірде ең қымбаты – қолындағы смартфон. Өйткені ондағы мүмкіндіктер алаңында бала күнінен тұрақтаған. Егер сіз баладан сол «мүмкіндіктер аймағын» тартып алыңыз. Не болады?! Онсызда телефонның алып қойғаны үшін бір-бірін өлтіруге дейін барған бейнематериалдар желіде желдей есіп жүр. Оның салдары қалай болатынына ешкім бас ауыртқысы келмейтін секілді. «Гаджеттердің тағы бір әсері – балалардың мінез-құлқы. Агрессивті, жүйкесі жұқа, шыдамсыз – осының бәрі гаджетті көп пайдаланғаннан туындайды. Алдымен, ең үлкен



жауапкершілік – ата-анада. Олар баланы бала етіп өсіру керек. Әрбір бала – тұлға. Оны тиісінше қамқорлық пен махаббатқа бөлеп, өмірін шуаққа толтыру керек. Бала мейірім мен махаббатты, бірге ойнайтын досты гаджеттен іздеп кетпесін. Ең басты мәселе осында жатыр», – дейді Гаухар Телғарақызы.

Расында, бүгінде психологиялық тұрғыда әлжуаз толқын қалыптасуда. Шынайы өмір мен виртуалды әлемнің ара жігін ажырата алмай, екі ортада жүрген осы толқынды «емдесе» болмайды. Ондай балалар адамдармен қарым-қатынас жасай алмай, қоғамға сіңісіп кетуі қиынға соғатын көрінеді. Мұның бәрін психологтар ұялы телефонның салдары екенін айтады. «Телефонның тартып алсаңыз, тіпті, жас балалардың өзі де ашуланып, ұрсысып шыға келеді. Осыдан-ақ олардың санасында тәуелділік барын аңғаруға болады. Балалардың психикасы өте әлсіз. Сондықтан олар сыртқы әсерлерге тез еліктегіш келеді», – дейді психолог Сымбат Иляшова.

Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романынан үзінді «Найман ана» әңгімесін оқып па едіңіз? Сондағы мәңгүртті тұтқынға түсіп, шашын тықырлап, көпеш киізбей-ақ, несиеге сатып алып жүр екенбіз. Иә, иә, жата қалып, жер тепкілеген еркетотайлар ата-анасының жанын шыжғырып, банкке белшесінен батырып, аяғында осындай миы қорытпас пенделерге айналуға. Әлбетте, бұл түйткілді тарқату үшін арнайы заң шығарғаннан әр ата-ана жауапкершілікке алып, өз отбасынан бастау керек қой. Әй, бірақ бір заң шығарып, мемлекеттік қызметкерлерге де смартфон сипатпай қойған үкімет балаларды да тыйып тастаса болмас па?! Біздікі жай ұсыныс пен ойлау ғана. Әрі қарай қолында қайраты барлардың қамданатын ісі. Сіз не дейсіз оқырман?!


Дәулет ҚЫРДАН



саны 550 миллионға жетуі ықтимал. Айтпақшы, тағы бір қызықты дерек, көзге линза салдыру 1960-1970 жылдары Англия, Ресей және Жапонияда ғана жүзеге асырылған. 1980 жылдары біздің елге де келді.

Қызылордаға оралайық. Аймақта көзі нашар көретін 250 мыңға жуық бала тіркелген. Жыл бойына орташа есеппен 5000-ға жуық бала тексеруден өтеді. Қазір көз ауруына қатысты көру қабілетінің аномалиялық рефракциясы ақауы, қыликездік, конъюктивит, блефарит, теріскен тәрізді қосалқы көз аурулары, суқараңғылық, яғни, туа бітті аномалия тәрізді түрлері бойынша тіркеуде тұрған балалар бар. Мамандар оның көбеюін күнделікті тұтынатын тағам құрамындағы химиялық заттардың көбеюімен, смартфон, гаджеттерді көп қолданумен байланыстырады. Алдыңғы себепке қатысты қажетсіз қоспалар ағзадағы зат алмасу процесін бұзып, адам денсаулығына кері әсер ете бастайды. Бұған дейін де мәселені зерделеп, облыстық балалар ауруханасына барған едік. Балалар офтальмологы Айжан Бақбергеновамен тілдестік. Маманның айтуынша, бүгінде пациенттер арасында мектеп жасына жетпеген балалар көп.

«Жалпы балалар арасындағы көз ауруының жиілеп кетуі әлем бойынша өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Ата-аналардың қателігі де сол: баланың көз ауруларын мектеп жасына жеткен соң ғана анықтауға болады деп ойлайды. Өкінішке қарай, сәби көзінің ауырғанын, көру қабілетінің төмендегенін сезбейді. Дүниеге келгеннен кейін-ақ офтальмолог сәбидің көзін қарау керек. Ол баладағы туа бітті көз ауруларын анықтауға мүмкіндік береді. 6 ай, содан соң 1 жастан кейін тексеріле, көздің дамуын анықтауға болады. Мысалы, суқараңғы – көздің ішкі қысымының шамадан тыс артып кетуінен пайда болатын созылмалы ауру. Кесел адамның әлеуметтік жағдайына қарамайды. Аурудың белгілері кейбір адамдарда байқалмайды және білінбейді. Науқас адам ешбір белгілерді байқамағандықтан уақыт өткізіп алса немесе біліп тұрып емделмесе 4-6 жыл ішінде зағип болып қалады. Сондықтан әрбір адам көзі ауырса да, ауырмаса да, көру қабілеті жақсы болса да, жылына бір рет дәрігерге тексеріліп, көздің ішкі қысымын өлшетуді әдетке айналдыру қажет. Оның белгілері көздің алды тұманданғанда, алдындағы зат айқын



Демографиялық саладағы соңғы көрсеткіштерді жағымды деп айтуға болады. Себебі елімізде халық саны қарашада 20 миллионға жетті. Ұлттық статистика бюросының өкілдері санақ қалай жүргізілгенін былай түсіндіреді.

– Мерейлі күн жақындағанда ай сайын ғана емес, күнде есептей бастадық. Яғни күнделікті базадан қандай мәлімет келсе, соны санап отырдық. 14 қарашада 20 миллионыншы бала өмірге келеді деп болжам жасадық. Сондықтан 15 қарашада барлық ақпаратты есептеп, балалар 14 қарашада дүниеге келгенін анықтады.



Бір күнде, бір уақытта бес бала Қазақстанның 20 миллионыншы тұрғыны атанды. Олар Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында дүниеге келді, – дейді мамандар.

Олардың бірі Ұлытау облысының Жезқазған қаласында дүниеге келген. 20 миллионыншы тұрғын Ақылбек Томирис Сұңғатқызы үйінің тұңғышы, ата-әжесінің алғашқы немересі екен. Томиристің анасы Әйгерім Молдашева 19 жасында, әкесі Сұңғат Сейтжан 20 жасында ата-ана атанып отыр. Жас

отбасының отау құрғанына – 1 жыл. «АСС Сериктес» ЖШС өрт сөндірушісі болып жұмыс істейтін Сұңғат тұңғышының тәуелсіз ел тарихында қалғанына қуанышты екенін айтты.

«Мұндай сүйінші хабар болады деп күтпедік. Десе де Томирисің тарихтың бөлшегі болғанына қуаныштымыз. Бастысы дені сау болып өссін», – деді жас әке.

Бұдан бөлек, 2017 жылы 11 мамырда Талдықорған қаласында туған Муслима

жерінде қызмет етіп жатырмын. Ұлымның есімін өзім қойдым, – дейді Айсұлтанның әкесі Мұхтар Сәбденбайұлы.

Жас отбасыларға Президент атынан арнайы сыйлықпен қатар «Отбасы банкінің» 2 млн теңгелік



БӘЙБИ БУМ: 20 МЛН-ҒА ЖЕТТІК

бүгінгі Қазақстан халқының санын 20 миллионға жеткізген сәбилердің

сертификаты табысталған.

P.S. 1991 жылы тәуелсіздігін жариялаған Қазақстандағы халық саны 16,4 миллион болатын. 32 жылдың ішіндегі өсім 22,3%-ға жетті. Тәуелсіздігімізді жариялаған жылы бала туу көрсеткіші 353,2 мың болса, өткен жылы 403,9 мыңға артты. Қазақстанның тарихында бала туудың рекордтық нәтижесі 2021 жылы тіркелді. Сол жылы елімізде 446 мың бала дүниеге келді. «Қазақстан халқының саны 25 миллионға жетті» деген ақжолтай жаңалықты қашан естиміз?» деген сауалға демограф Аяулым Сағынбаева былай деп жауап берді.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеуі бойынша Қазақстан халқының саны 2050 жылы, яғни 27 жылдан кейін 25 миллионға жетуі мүмкін. Ал 30 миллионға 2100 жылы жетеміз. Бұл болжамды да БҰҰ зерттеу жасау арқылы мәлімдеген. Қазақстан халқының саны 1 миллионға өсу көрсеткішіне екі жылда жетті. Бұл демографиялық өсімнің жоғары болуына байланысты болып отыр. 2020, 2021, 2022 жылы бәйби бум болды. Соның нәтижесінде 19 миллион халық саны 20 миллионға жетті. Ал

кейбірі көпбалалы отбасының мүшесі. Мысалы, Талдықорған қаласында туған сәби бір үйдің төртінші баласы. Демографиялық ахуалға қарайтын болсақ, көпбалалы отбасы статусына ие аналардың басым көпшілігі 1980-1990 жылдар аралығында өмірге келген ұрпақ. Олардың репродуктивтік әлеуеті сарқылып келеді, ары кеткенде екі-үш жыл ғана. Мысалы, 4-5 бала өмірге әкелген аналардың көбінің жасы 35-тен асқан. Сосын тағы бір алаңдайтын жайт, 1990 жылы өмірге келген жастардың саны аз. Одан соң 1990 жылдан бері қарай өмірге келген аналардың репродуктивтік көзқарасы 1980 жылдары туған адамдарға қарағанда өзгеше. Жекеше ойлауға бейім, 1-2 баламен шектелуді көздейді, қызметте өрлегенді, ғылым, білім қууға ынталы қыздардың саны көп. Урбанизацияның қарқын алуы, гендерлік саясаттың да әсері тиеді. Сондықтан да алдағы уақытта туу көрсеткішінің деңгейі дәл қазіргідей болмауы мүмкін, – дейді демограф.

Маманның айтуынша, 2000 жылы туған балалардың да демографиялық ахуалға деген көзқарасы өзгеше. Осы себепті саралай келе келешекте Қазақстанда бала туу көрсеткіші дәл қазіргідей қарқында жалғаспауы мүмкін.

А.СНАДИН

Әскер мен әлпеш: Баланы әскерден алшақтататын кім?



Сонымен борышын өтеуге барғысы келмейтін, жоқ аруды бар етіп, әскердің ауылын алыстатуды мақсат қылған жастардың көптігін атап өттік. Дегенмен бұл мәселеде әскерден жалтаруға себеп көп. Міндетті қызметке әкетеміз десе ат тонын ала қашатынның көбі әскерге бару уақытты босқа өткізу деп санайды-мыс. «Жаңа технологиялар аз ғана уақыт ішінде адамзат баласының санасына, өмір сүру жағдайына прогресс жасады. Қазір біліммен жарысатын, оқитын заман. Әскерде бір жыл уақыт өткізгенше, қоғамға пайдамды тигізер жұмыс істегім келеді.

Борышын өтеп келгендердің кейбірі «Әскерге бармай-ақ қой» дейді. Ондағы құқықбұзушылықтар жайлы естіп қалатынымыз бар. Қаңтар оқиғасы, Украина мен Ресей арасындағы соғыстан кейін біздің елде де кез келген сәтте қолға қару ұстап, Отан қорғайтын жағдай туындауы мүмкін екенін түсіндік. Дегенмен уақыт өткен сайын әскери жүйедегі жайттар жастарды өзіне шақырудың орнына, алыстатып жатқандай», – дейді Айдос Сердалы. Алайда барлық шартқа сәйкес келетін азаматтардың әскерге бармауға құқығы жоқ. Бір жылым босқа кетеді дегендерге мемлекет әскери тәжірибе жинап, шыңдалуына жағдай жасайтынын ескеру керек.

Ал «Ауғанстан соғысының ардагерлері ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қайрадин Баймаханов болса, мәселе мәнін отбасындағы әскери-патриоттық шараның жүйесіз жүргізілгеніне телиді.

– Баланы бесіктегі сәтінен бастап тәрбиелеу керек. Өскеннен кейін мотивация беру де маңызды, қазір бұл жағдайға мән бере бермейміз. Бүгінде жастарды әскерге алып кетеді, терін төгіп жұмыс үйретеді де, әскерден келген соң оны ұмытып кетеді. Сондықтан борышын өтеудің де жүйесі болу керек. Әскерге кім

барады? Біріншіден, патриоттық тәрбиесі бар жас, екіншіден оның денсаулығы жақсы болу керек деген шарттары болу керек. Сосын әскери борышын өтеп келген адамға қоғам оң көзқараспен қарау керек. Бұрын Кеңес үкіметінде мынадай жүйе болған. Ол кезде жастардың жоғары білім алуы қиын еді. Ал әскерге барып келсең жоғары оқу орнына бірден қабылдайтын. Бұл – әскери адамға берілген халықтың марапаты мен құрметінің көрінісі. Сонымен қатар қазір мектепте алғашқы әскери даярлық сабағында теориядан бөлек, практикалық білім берілуі керек. Ал кей мектепте тіпті қажетті құралдар, автоматтар жетіспейді, – дейді Қ.Баймаханов.

Ұлтының тағдырын бір ғана әрекетімен шешкен бабалар жолы уақыт пен кеңістікке бағынбайтын, сан ғасырлық үлгі. Шын мәнінде әскерге бару әрбір қазақстандық үшін абыройлы міндетке айналуы тиіс. Бұл туралы мәжілістің Өлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Файзолла Қаменов: «Заман өзгергенмен де, еліміздің Қарулы күштері, Ұлттық ұланы бар. Бұрынғыдай емес, әскери міндетті өтеу мерзімі де 2 жылдан 1 жылға қысқарды. Қазір көмелет жасқа дейінгі білім ошақтарында кадет сыныптары ақсап тұр, әскери-патриоттық тәрбие беру жоқтың қасы. Жастар

денсаулығының медициналық тексеруден өтпеуіне күнделікті тұтынатын газды сусын, фаст-фудтың да әсері бар. Соның бәрі денсаулықты құртуда. Балалар кішкентай кезінен смартфонға шұқшиып, көру қабілетінен айырылып жатыр. Бұл – қоғамдағы ең түйткілді мәселе, – дейді.

Иә, бұрын әр бозбала болашақ әке, елдің тұтқасы саналып, мойнына артылар жауапкершілік жүгі әскерге барудан басталатын. Жігіттер қайрат жиып, абыройы биіктеп елге оралатын. Тіпті, 16-17 жастағы жеткіншектердің биліктегілерге соғысқа жіберуін сұрап хат жазуы бала жүректі

буған намыстың, тәуекелдің тізгіні болса керек. Балалықтан азаматтыққа өтер кезде жігіттердің бұла күшін бір-біріне емес, елді қорғауға



жұмсағанына халық куә. Арнайы ведомствоның мәліметінше, бүгінде 18-27 жас аралығында азаматтарға әскерге шақыру бойынша арнайы шақырту қағазы және sms-хабарламалар жіберіледі. Шақыртуды алған бойда олар медициналық комиссиядан өтуге міндетті. «Шақыру қағазы бойынша медициналық тексеруге келмеген жағдайда 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Әскери қызметтен жалтары 1 мың АЕК

мөлшерінде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзету жұмыстарына немесе 400 сағатқа дейінгі



Тәуекелді ту етіп, батылдықпен жауға бастаған бағзы бабаның сөзі болса керек. Бірақ бүгінгінің баласы «қоңыраулы найза қолға алып, жалаулы найза жанға алып» жау қашырмай-ақ Отан алдындағы борышы саналатын әскерге барудан қашақтайды. Соңғы жылдары әскери борышын ерікті өтеушілер қатары азайған.

Жастардың көпшілігі әскерге барғысы келмейді. Оған себеп жоқ емес. Ал жыл басынан бері бұл мәселе бірнеше мәрте қоғам талқысына түсіп, оң шешім ретінде әскери қызметтен жалтарғандарға 3 млн 63 мың теңге айыппұл салынатыны жөнінде хабарланды. Жастар әскери жүйеден қорқа ма? Әлде әскерге деген сенімсіздік бар ма?

қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, одан айыруға әкеп соғады», – дейді Қорғаныс

министрлігінің өкілдері. «Айыппұл әскердің абыройын арттырудың орнына оған деген жек көрушілікті тудырмай ма?» деген пікірлер бар. Өйткені айыппұл арқалап-ақ әскерге бармау жолын сатып алуға болады. Бұл ретте жастар тек елді қорғау жолын таңдаса, отбасында патриотизмді жоғары қойса дейміз.

Р.МАҚСҰТ



Алайда технология қаншалықты тез дамығанмен, адам жанын адамнан артық ешкім ұғып бақпайды. Мәселен, жыл сайын қарқынды түрде психология мамандығы бойынша кадрлар даярланып, адам өмірінің әрбір сатысында аянбай қызмет етуде. Бірақ бұл саладағы жұмыс көзі аздақ етеді немесе жалақының жыртықты жамауға келмейтін мөлшері қынжылтады. Оқыған мамандықтан пайда таппаймын, нәпақамды басқа жолмен іздеймін дейтін жас мамандар пікірі көп. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2022 жылғы статистикасында жұмыссыздар санын жоғары білімді педагогика және психология мамандары толықтыратынын атап өтті.

Әлемдегі үздік 5 мамандық қатарынан табылатын психологияның болашағынан үміт күтетіндер толассыз. Шырғалаң күйзелістен көз аспаған жандардың емі психология қаншалықты қажеттілік туындайды?

«Психология – келешектің мамандығы, адамды зерттейтін жас ғылым. Яғни ізі өшпейді, ал беделі күннен күнге арта бермек. Себебі заман дамыған сайын адам жанына араша түсетін жандар да көбеюі тиіс. Қарбаласқа толы өмір, стресс пен уақыттың тапшылығы адамның күйзелісте болуына ықпал етеді. Осы тарапта психологтар көмек

беруге дайын. Неге екені белгісіз психолог мамандығына оқуға түсу ең керемет шешімдердің бірі болды. Тән мен жан егіз демеуші ме еді, адам жанына шипа, жаңа дем берсем екен деймін. Өз мамандығымды сүйіп оқимын, барлығы талап-ізденісіңе байланысты», – дейді психология және педагогика мамандығының 2 курс студенті Аружан Рүстемқызы.

Жұмыс таппаймын деген қорқынышы бар немесе қарекетсіз жүрген көптеген жас маман жұмыспен қамту орталықтарының табалдырығын тоздырып жүргені белгілі. Жұмыссыздық заманның дертіне айналды десек те қате емес. Бірақ та қандай да болсын мекемеде психологтарға арналған кадрлар көзі жеткілікті делінген.

«Психология мамандығымен жұмыс табылмайды деген пікір дұрыс емес. Себебі оқу бітіргеннен соң 1 айдың келемінде мамандықпен жұмысқа қабылдады. Білім саласы, медицина, құқық қорғау органдары да психологтарға зәру. Дін, саясат, ғылым, тіптен қаржы саласының қызметкерлері үшін таптырмас мамандық. Мен көптеген тренинг-семинарларға қатыстым. Сондай-ақ психологиялық курстар ашып, пайда көзін табуға мүмкіндік мол екеніне көзім жетті. Қандай сала

болсын психологтарға жұмыс табылады, тек ізденіс үстінде болып, оқу қабырғасынан бастап жақсы жетістік көрсету қажет. Сонымен қатар психология ғылымына жіті назар аударып, квалификацияланған

Әлемде түрлі мамандық бар. Бірі заман ағынымен дамыса, енді бірі назардан тыс қалып, жойылу үстінде. Мамандық таңдау – өмірлік жолыңды табудағы ерекше кезең. Қалт шешім қабылдауға болмайтын шақта түлектер өзін әр қырынан сынайды. «Оның болашағы бар ма?», «келешекте әкелетін табыс көзі қанағаттандыра ма?» деген сауалдарға жауап іздейді.

таптырмас маман болғанымызбен, айлық жан жадыратпайды. Жарнама, PR саласының

мамандарына қарағанда жалақымыз ат төбеліндей ғана. Кейбір психологтар айына 100-150 мыңдап тапса, бірен-сараңы ғана 200 мың теңге табыс табады. Ал жұмысқа енді тұрған мамандар туралы сөз қозғау тіпті қорқынышты. Ең көп деген айлық 300 мыңға жетер-жетпес, оның өзі көңіл көншітпейді», – дейді психолог Аружан Ордабай.

Нұршат НЫШАНОВА

мамандарды дайындауға күш салу қажет. Білікті маман қай кезде болсын сұранысқа ие», – деді жас маман Мадияр Қаржаубай.

Жұмыссыздықтың ең үлкен себептерінің бірі – жалақының аздығы. Бұл заманның айлық көрсеткіші алақанға жұғын болмайды деген пікірлер аз емес. Жілігі татымайтын мамандықта табыс қанша?

«Психологтардың жалақысы әр жерде әртүрлі. Қаншалықты



Жасы отыздан асқан жігітті анасы қолынан жетектеп жүріп, мекеме жағалап жұмыс іздеп жүргеніне жылдан асыпты. Баланың бойында өзі-өзіне сенімсіздік байқалады. Мекеме басшысының есігінен шығып барады. Баласы «Өзім табамын ғой, бір нәрсесі болар» деп еді, анасы баж ете қалды. Бала үнсіз қалды. Екеуі кетіп барады. Ал мен олар көз ұшына кеткенше ұзақ қарап тұрдым. Бұл – жай бір оқиға емес, қоғамның кеселі. Оның тереңіне үңілу арқылы «ел ертеңінің тұтқасын кімдер ұстайды?» деп қалың ойға шомасың. Бүгінде тіпті өз-өзіне қол салатын жастардың да қатары артыпты. Әлем бойынша елді елең қылған мәселеге әрбір Алаш баласы алаң танытуда.

қалыптасуына ең негізгі үш фактор әсер етеді. Оның біріншісі – тұқым қуалау. Сонан соң

болғанда дін аман. Тағы бір жағдайда қыз бала өз білімінің көрсеткішінен ұялып, бірінші кездескен жігіттің қолынан ұстап, тұрмысқа шығып кетіпті. Әрине, ата-ананың темірдей қатал тәртібі де кейде балаға соққы болып, ойланбай қадам жасатады.

«Қазір тұрмыс қиындап кетті ғой. Қымбатшылық бүйірден қысқанда материалдық жағдайдан өзгені ойлауға мұрша да келмейді. Балалар тасбауыр болып өсіп келеді. Кейде қынжыласың. Тым құрыса айына бір отбасымызбен табиғат аясына шығып, өзім қыздармен, әкесі ұлдармен сөйлесіп, ой бөлісетінбіз. Қазір ол да қалды. Иә, ата-ана ретінде балалардың тәртібін қадағалап, оларға лайықты тәрбие бермесек, кейін еге бола алмай қалатынымызды түсінемін. Өз-өзімізді осылардың болашағы үшін еңбек етіп жүрміз деп жұбатамыз. Бірақ шындығы сол болашақтың ертең емес, бүгіннен бастап қаланатыны ғой. Өмірдің көптеген ата-ана тілін тістеп жүр. Ертең бармағын тістейтінін өздері де біледі. «Былай тартсаң, өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады». Ортада қалайын десең, екі қайықтың басын ұстап, суға кетесің. Қайтеміз. Бірыңғай рухани тәрбие беріп, жанында отырайын десең, ол балаға азық болмайды. Аш адамның миы жұмыс істемейді ғой», – дейді Айгүл есімді ата-ана.

«Қазір ата-аналар көбіне жұмысбасты. Балалармен уақыт өткізбейді. Зерттеулерге қарасақ, Қазақстандағы әрбір үшінші отбасы баласына көңіл аудармайды. Баласын тыңдамайды, өз ойымен бөліспейді», – деген психологтың сөзінің де, әлгіндегі ата-ананың да сөзінің жаны бар. Бірақ бір амалын таппаса болмайтыны анық.

жерде айта кетейін, тәжірибемде бір қыз бала болды. Өзі осында, анасы Астанада жұмыс істейтін. Үнемі хабарласқанда қызына «Астанада қыс ерте түсті. Өзіме етік аларға да қаражат жоқ. Бар ақшамды саған салып жатырмын» деп айтады екен. Ол қыз маған келіп «Апай, өмірмен қоштасқым келеді» деді.

Себебін сұрағанымда «Анама артық жүк сияқтымын. Мен болмаса, өз ақшасын өзіне жұмсар еді» деді. Бәлкім, оның анасы баласына мотивация бергісі келіп айтқан болар, бірақ ол баланың қабылдауына байланысты. Ата-аналарға айтарым, балаларға айтатын сөзге, олардың қатысуымен айтылатын әрбір сөзге абай болса... Ол баланың психикасына қалай әсер етіп жатыр дегенді ойлану керек», – дейді Сымбат Абдрахманова.

Тілші түйіні. Қоғам дамып, заман жаңарған сайын уақыт шіркіннің жүйріктігі еселенгендей болып көрінеді. Түкке де үлгері алмай жүрген жұртшылықты қазіргі таңда бала тәрбиесі ойландырмайтын сияқты. Өйткені бала тәрбиесіне бас ауыртып жатқан ешкім жоқ. Қоғамдағы түрлі деңгейдегі форумдар, тренингтер мен іс-шаралар балалар мен ата-аналардың арасындағы жағдайдың жақсаруына, байланыстың артуына белгілі

арнаулы күн етіп белгілепті. Осыдан бірер жыл бұрынғы зерттеуімізде өз-өзіне қол салған 4 мыңға жуық отандасымыздың 900-ге жақыны жастар қатарында екен. Жалпы психологиялық ахуал туралы зерттеп көргенбіз.

Қазақ ықылым заманнан «Тәрбие – тал бесіктен» деп бекер айтпаса керек-ті. Демократия дегеніміз діңкені құртты-ау, әйтпесе, отбасындағы отырыс ашық алаңға айналып, әлемді шарлап келеміз. Баланың көзіңше айтпау керекті айтамыз, біреуді даттаймыз, ашуды ұстай алмаймыз. Тіпті мына бір дерек жаға ұстатарлық екен. «Қазақстандағы әрбір үшінші отбасы тәуліктің 15 минутын баласына қимайды» дейді зерттеулер. Осыдан келіп, баланы үкімет асырау керек, мұғалім тәрбиелеуі керек деген жауапкершілік қамытын біреуге итере салатын болмыс пайда болуда. Түптің түбінде психологиялық тұрғыда әлжуаз балалар қоғамда пайда болып жатыр. Олар адам ойына келмес әрекеттерге баруы мүмкін. Ерге қажетсіз еркелікті бойына жапсырып алған ер балаларды көріп, қарның ашады. Қынабына қылышын салып, қолына найзасын ұстаған баяғы батырлардың ұрпағы деп кім айтады? Түйткілдің тарқауын іздеп, әлемді шарладық. Қазақ атам «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей» дейтін еді, осы тұста осалдық таныттық па? «Сенімен Болашақ» РҚБ психологы Сымбат Абдрахманова бұл жағдайға бірнеше фактор әсер ететінін айтады. «Психологиясы осал жастардың

биологиялық түрлі аурулар адамның жанына батып, оның психикасының бұзылуына ықпал етеді. Адам ауырған соң ашушаң, жылауық болып кетеді. Бұл жағдайға әсер ететін үшінші фактор – психологиялық фактор. Адамда стресс, депрессия болуы мүмкін. Әлеуметтік жағдай да мұндай жағдайға ерекше әсер етеді. Мәселен, отбасындағы ұрыс-керіс, дау-жанжалдың баланың психологиясына әдеуір әсері бар. Психикалық тұрақты атмосфераның болмауы да сеп. Кішкентайында зорлық-зомбылық көрген адамдардың психикасы әлсіз болып келеді. Кейде темпераменттің өзі де әсер етуі бек мүмкін. Меланхолик адамдар көбіне жылауық, сезімтал, кінәмшіл, ренжігіш. Олардың стресске төзімділігі төмен. Осы бағыттардың ішінде ең бастысы, отбасындағы

атмосфера деп айтар едім. Бала айтқаныңды емес, көргенін жасайды. Әкесі зорлық-зомбылық көрсететін болса, ата-анасы тастап кетіп жатса, ол баланың психикасының қалыптасуына әсер ететіні анық», – дейді ол. Қазақ «бас сынса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» қалдыра берген емес пе?! Түлектердің білім бәйгесінде ойдағы бағаға қол жеткізе алмай қалған жасөспірімді ата-анасы бірер сағат жоғалтып алып, кейін мұздай бассейнді ішінде киіммен жатқан жерінен тауып алыпты. Абырой

«Ата-ананың айтқан сөзінің өзі баланың психикасына әсер етеді. Біз көбіне дастарқанның басында бала отыр ғой дегенді ұмытып кетеміз. Баламыздың көзіңше проблемаларды талқылай береміз. Ақша жетіспей, кредиттің төленбей жатқанын, ері мен әйелінің арасындағы қарым-қатынасты айта береміз. Материалдық тұрғыда баланы қамтамасыз етеді де, рухани қолдауды ұмыт қалдырады. Өкінішке қарай. Осы

бір деңгейде сеп шығар... Бірақ, «сананы тұрмыс билеген қоғамда» ата-аналар жиналыстан соң қайтадан баяғы қарбаласына кірісіп кете беретіні сөзсіз. Бірақ қайсыбір бала болсын ата-ананың айнасы. Сондықтан сіз дәл өзіңіздің көшірмеңізді қалыптастырып келесіз...

Дәулет ҚЫРДАН

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОСАЛ БАЛА ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?




Әрбір жас – келешек кепілі. Тарих қойнауындағы құндылықты, тәуелсіздік пен бейбіт өмірді дәріптеу осындай ұлт жанашырларының міндеті. Сондықтан болар, жерлесіміз Асылжан Абдуллаев «Тарихнама» атты медиа-жобасын жүзеге асырып, медиа саласы арқылы тарихты насихаттауды көздеуде. Жуырда «Kuzylorda Hub» технопаркінің резидентімен жолығып, жобаға қатысты сауалдарға жауап алған едік.

– Асылжан, «Тарихнама» жобасының басты мақсаты не? Жоба Сыр жастарына қандай әсер қалдырды?
– Қазіргі таңда медиа саласы танымал. Ал үгіт-насихатты аталған бағытта жүргізу тиімді

екені түсінікті. Біз де толыққанды ойластырып, «Тарихнама» медиа алаңы болады деп шештік. Сондықтан ол әлеуметтік желідегі платформаларда жүргізілді. Жастар тағылымға толы бірнеше томдық кітап, документалды фильм, жәдігерлерге толы музейді аралауға уақыт таппайды. Себебі қарбалас. Алайда Instagram, Telegram, TikTok секілді платформалар атағын жоғалтпақ емес. «Тарихнаманы» да осы әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы жүзеге асырып, көптеген жастың қазақ тарихына қызығушылығын оята алдым. Оған дәлел, 1 жылда TikTok желісіндегі

мүдірмей атқарудамын деген үміттемін.
– TikTok әлеуметтік желісі арқылы 15 секундтық бейнеролик тарих туралы ақпарат бере алады деген ойды алға тартасыз. Аз ғана уақытты қамтитын «тез білім» көзі есте қалатынына қандай кепілдік бар?
– Жоба ұтымды болу үшін зерттеу жұмысын жүргізіп отырдым. Яғни, «қандай мәлімет қызық, оны қалай ұсынуға болады?» және «қандай әлеуметтік желі ұтымды?» деп, сауалдарға жауап іздедім. Жүйелі нәтижеге жету үшін ғалымдар пікірін саралау да тиімді.
Жалпы, ғалымдар қысқа ақпарат есте тез сақталады деген тұтамаға келген. Сонымен қатар, адамның жады сөзге қарағанда суреттегі ақпаратты жылдам есте сақтауға бейім. Сол себепті TikTok желісінде кез келген тарихи мәліметті арнайы оқиғаға қатысты суретпен



«ТАРИХНАМА»: МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ ПАЙДАҒА АСТЫ

аккаунттағы контентті 50 млн-ға жуық көрермен тамашалады. Тарихқа қатысты құнды деректі қарауға ұмтылыс артып, 163 мың жазылушы жиналды.
Қызығы, жоба тек Қазақстан емес, Орталық Азия, Еуропа және Батыс Еуропа мемлекеттерін қызықтыра алды. Сонымен қатар Түркия мемлекетінен бірлесіп жұмыс істеуге ұсыныс түсуде. Алдағы уақытта халықаралық деңгейде бейнеконтент жасау ойда бар. Бұл – жоба жеткен бірегей жетістік. Әрбір азамат тарихты білуге міндетті. Сол міндетімді

тоғыстырып, қысқаша ақпарат беремін. Жобаның басты мақсаты да сапалы түрде аз уақытты қамтитын ақпарат көзін ұсыну екенін ескерсек, дұрыс жолдамыз деп ойлаймын. Тәжірибе мен кеңес алға жетелейді.
– Тарихи деректерді қайдан аласыз? Дереккөз ретінде қай ғалымның еңбегін жиі пайдаландыңыз?
– «Тарихнама» жобасының жоспарын құру барысында әртүрлі ізденіске бардым. Дәстүрлі білім көзімен қатар заманауи ресурстарды да пайдалануға мүмкіндік туды. Яғни тарихи-ғылыми сайттарды қарап, электронды дереккөздерге түбегейлі зерттеу жұмысын жүргіздім. Сонымен қатар мектептен алған

жүйелі білім пайдаға асты.
– Алдағы уақытта да платформалы жобаларды жүзеге асыру жоспарда бар ма?
– Қазіргі таңда жасанды интеллект – әлем назар аударып отырған интеллектуалды ғылым. Көптеген жоба осы бағытта жұмыс істейді. «Тарихнама» жобасы стартап-экосистемада алдыңғы қатарда. Бірақ алдағы уақытта жасанды интеллект саласына бар күш-жігерімді салуды жоспарлаудамын. Астаналық достармен бірге Қызылордадағы алғашқы 2 жасанды интеллект жобасын іске асыруды қолға алдық. Ал «Тарихнама» белсенді түрде жұмысын жалғастырады.
– Сұхбатыңызға рақмет!

Өңімелескен Нұршат НЫШАНОВА

СЫР ӨңІРІ ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Биыл өңірде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 10,3 пайызға артып, 70 977-ге жетті.
Жыл басынан бері кәсіпкерлікті қолдауға мемлекеттік бағдарламалар аясында 24 млрд теңге бөлініп, 3,5 мыңнан астам жоба қаржыландырылды. Мемлекеттік қолдау тетігіне қаралған қаражат өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға артты.
Нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 15,8 пайызға өсіп, 124 376 адамға жетті. Мемлекет басшысының бөлшек салықты енгізу және салықтық ынталандыру шарасын қабылдау бастамасын республика көлемінде алғашқылардың бірі болып Қызылорда облысы орындады.
Биыл облыста 35 мың кәсіпкердің мүддесі қамтылған бөлшек салықтың пайыздық мөлшерлемесі 4 пайыздан 2 пайызға төмендетілді. «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру үшін облысқа 3 млрд теңге бөлінді. Бүгінге жалпы құны 1,6 млрд теңгені құрайтын 198 жоба мақұлданды.
Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына 2,5 пайызбен 2,3 млрд теңге жеңілдетілген несиелер табысталды. Айта кетейік, іріктеу барысында өндірістік жобаларға басымдық берілді.
Алдын ала болжам бойынша жыл қорытындысымен шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 2022 жылмен салыстырғанда 2,4 пайызға артып, 21,5 пайызға жетеді.

44 СТУДЕНТ ШЕТЕЛДЕ БІЛІМ АЛУДА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-Ректор Бейбіткүл Кәрімова Инженерлі-технологиялық институтының студенттерімен кездесті.
Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын жиында 1,2 курс студенттері академиялық білім беру, ғылыми-зерттеу, халықаралық қатынас туралы кеңінен ақпарат алып, атқарылған жұмыстармен танысты. Жиын барысында ректор университеттің биылғы жетістіктері мен жаңалықтарына тоқталды.
Кездесу соңында ол студенттердің сұрақтары мен ұсынысын талқылап, көтерілген мәселелердің шешілуі бақылауда болатынын айтты. Сондай-ақ университеттің Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Нұртілеу Жорабек білім алушыларға студенттік ұйымдар, спорттық секциялар туралы толық ақпарат берді.
«Оқу орны QS Asia University Rankings – 2024 рейтингінде ТОП 601-650 үздік университеттер қатарында. Ал, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылының бірінші семестрінде 44 студент Хубей (ҚХР), Каннам (Оңтүстік Корея), Лодзь (Польша), Сельчук (Түркия), Ташкент (Өзбекстан) жоғары оқу орындарында білім атуда», – деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.


«ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ» БАСТАЛДЫ

Қызылорда қаласында мектеп оқушылары арасында дәстүрлі түрде өтетін «Ұлттық мектеп лигасы» басталды. Оның мақсаты – жасөспірімдер арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау. Лига барысында жасөспірімдер арасында командалық рух қалыптастыру.
«Ұлттық мектеп лигасы» аясында 5-6, 7-8 және 9-11 сыныптар спорттың 11 түрі бойынша бақ сынайтын болады. 9-11 сынып оқушылары волейбол және тоғызқұмалақ, бес асық спорт түрлерінен сайысқа түсті. 48 мектептен 576 оқушы қатысса, бес асық жарысына 12 мектептен 36 қыз бала қатысты.
Жеңімпаз команда облыстық кезеңге жолдама алды.

Соңғы оқиғалардан соң қоғамда әйел құқығын заң жүзінде бекіту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету талабы күшейді. Тіпті құқықтық нормаларға өзгеріс енгізу идеясы да аз айтылған жоқ. Осы орайда әйелдердің мәртебесін көтеру, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру мақсатында «AMANAT» партиясының облыстық филиалы жанынан әйелдер қанаты құрылды.

Бұл отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға жәрдемдесіп, отбасы құндылықтарын дәріптейді.
Кәсіпкер әйелдерге қолдау көрсетіп, нәзікжандылардың ғылыммен айналысуына жағдай жасауға бағытталып отыр. Мұны өңірге арнайы келген Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіндегі «AM-ANAT» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақызы атап өтті.
«AMANAT» партиясы әйелдер қанаты атқаратын жұмыстың 10 басым бағытын әзірледі. Оның ішінде отбасылық және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға жәрдемдесу, өндірістегі еңбекті қорғау, ауылдағы бизнес, отбасы денсаулығы мен құндылықтары, экономикалық құқықтар, әйелдердің ғылымдағы рөлі және тағы басқа бағыттар бар. Әр бағыт бойынша сараптамалық топтар жұмыс істейді.

Олар туындаған мәселелерді шешуге қатысты өз пайым-пікірін ұсынады», – деді Ү.Шапақ.
Жиынды жүргізген партияның облыстық филиалының Атқарушы хатшысы Ләйла Төрешова партия тарапынан қолға алынып жатқан «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Қарыссыз қоғам» секілді тың жобалардың ел игілігін көріп жатқанын, соның ішінде қыз-келіншектерді қоғамдық өмірге, саяси көшбасшылыққа тарту, олардың әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған «Томирис» жобасының ерекшелігін атап өтіп, өткен жылы бастау алған жобаның биыл ауқымы кеңейетінін алға тартты.
Жиын барысында партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы, «Анаға тағзым» орталығының басшысы журналист Алтынай Молжанованың ұсынылып, бекітілгенін атап өтті.
«Анаға тағзым» ғимаратында Президент тапсырмасына сәйкес «Әйелдердің креативті индустрия орталығы» жұмысын бастаған болатын. Қолынан іс келетін, жаңаша ұлттық брендтерді ойлап тауып, экспорт дамуына үлес қосатын әйелдердің бір жерге топтасуына мүмкіндік жасалған. Мұнда «Мирас» әжелер клубы, «Ұлт жақты» музей залы, «Бойтұмар» қыздар клубы, «Сырғалым» сырласу клубы, «Жас отау» жас отбасылар мектебі, «Ана тілі» дебат клубы жұмыс істейді. Әрине, мақсат ортақ. Ол – жан-жақты қолдау», – деді Алтынай Молжанова.
Жалпы, аймақта 45 мыңнан астам партия мүшесінің 63 пайызы әйелдер. Жергілікті мәслихаттарда 21 әйел депутат бар. Белсенді әйелдердің басын біріктірген жобаның ашылуында өңірдегі саясат, білім, денсаулық, мәдениет, кәсіпкерлік, үкіметтік емес ұйымдар және т.б. салаларда табысты қызмет етіп келе жатқандар өз ойын ортаға салып, ұсынысымен бөлісті.
Атап өтейік, өңірге арнайы келген ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақызы «Анаға тағзым» ескерткішіне гүл шоғын қойып, орталық жұмысымен танысты. Сонымен қатар отбасы орталығында болып, жаңа ғимаратты көрді.



СЫЫР АЛМА ЖЕГЕН КҮН



Бақтың қалтарыстау жерінде байланып тұрған сиырдың не жеп тұрғанын көргенде өз көзіне өзі сенбеді. Міне, қызық... Қоңыр сиыр бұған көзін алайта қарап, қайтер екенсің дегендей, басын шұлғып-шұлғып қойып, ескі тегене толы сары алманы сілекейін шұбыртып, жеп тұр. Ауылда жайып қойған кірді жейтін сиырды талай көрген. Кімді немесе ақ жаймаларды іске жарағысыз етіп, шайнап тастайтын. Тіпті, картоп жесе бір сәрі-ау. Бірақ, сиырдың алдындағы мынадай аста-төк дүниені, алманы ысырап етуін көруі алғаш рет. Сол сәт басына: «Обал-ай, үй иелері байқамай қалды-ау... Әйтпегенде, өттең, сиыр тұрмақ, өзіміз жеуге қимайтын алтын алма ғой мынау» деген ой келді. Өудем жерде тұрған жездесіне: «Аға, сиыр алмаларды жеп жатыр» деп еді, ол кісі жайбарақат күйде: «Е, жей берсін. Жесін деп алдына қойған


ғой...» демесін бе. Немқұрайлы түрде айтқаны сондай, тіпті Күршімде өзі бір күнде алма жеп жүрген кісі сияқты... не болмаса, ол жақта алма құдды аяқтың астында шашылып жататын сынды... Алматыға келгені бүгін ғана. Пойыздан түсе салысымен жол бастаушысының «Талғардың автобусына отырамыз» деген сөзі құлағына тосаңдау естілгенімен, көмейіне келген «Алматы деп келгенде Талғары несі? Ол қай жерде? Алыс па?» деген сауалдарды іркіп қалды. Алматыға алыстан жолсоқты боп жетіп, тағы жол жүргісі келмегені рас. Оқуға түсем деп алыстан ат арытып келген. Анасы «Жалғыз жібермеймін. Барсаң жезден апарарсың, бармасаң, осы жердің оқуын оқыған ешкім көштен қалып жатқан жоқ» деп кесіп айтқан соң, бұл да өз айтқанынан қайтпай: «Кім апарса да, тек жетсем болды» деп Алматыға келген. Сол кісі келген бетте қалада аялдатпай, Талғардағы тұыстарының үйіне бастап барды. Қабылдау емтиханына дейін енді осында болады. Алмаға ішінің ашуы тегін емес. Жаңа жыл қарсаңында ауылдың мектебінде мерекені қарсы алу үшін шырша безендіру, залды әшекейлеу, бәрінен бұрын оқушыларға сыйлыққа берілетін көмпиттерді сұрыптап, әсіресе, алмаларды қораптарға салу жұмыстары басталып, оқушылар да, ата-аналар мен мұғалімдер де қарбаласқа түсетін. Ол заман – дүниенің қат кезі. Көмпит деген қасқалдақтың қанындай тапшы, ауылдағы дүкенге ілуде бір түсетін. Түскен күннің өзінде жылдам таусылып қалатын. Ауылдың дүкеніне көмпит түсіпті деген хабарды сабақта жүргенде естінбіз. Өйткені, мектеп пен дүкен кішкентай ауылдағы жалғыз орталық көшеде орналасқан. Аралары таяқ тастам жер. Тек тезірек үйге барып, дүкенге көмпит түскенін айту керек. Егер көмпит кешке түссе, ертең таң ата салысымен кезек алмаса болмайды. Жетпей қалуы мүмкін. Кейде сабақтан қайтып бара жатып, азық-түлік дүкеннің алды бал арасы сынды құжынаған адамға толы екенін көрсек, көмпит түскенін түсінетінбіз. Ондайда аяғымызды жылдамдық

басып, үйге қарай асығамыз. Есіл-дертіміз анамызды хабардар етіп, көмпиттің кезегіне жіберу. Кезек жетіп, көмпит сатып алған күннің өзінде сатып әкелген күні ғана көмпиттің түр-түрінен тойып жейміз. Бірақ таңертең өлгі көмпиттер көзден ұшты-күйлі ғайып болады. Жоқ, кеше болған, енді жоқ... Ертегідегі сияқты. Бірақ бір кеште таусылып қалмағанын ішіміз сезеді. Осы үйде, үйдің бір жерінде жақсылап жасырулы. Бірақ қайда? Ойлана бастайсың. Ауызүйдегі сандықта болуы әбден мүмкін. Оның аузы кілтпен жабылған. Болмаса, дәліздің жанындағы кішкентай дүңгіршекте. Ол жерге көп кірмейміз. Іші үнемі қараңғы, қоңыр салқын болып тұрады. Қабырғаға қағылған шегеде ішіне пияз салынған ұзын қапрон дорба ілулі тұратын. Біздің жақтан көкөніс пен жидек табылатын, бірақ жеміс деген қысты айтпағанда, жаз бен күзде де көп болмайтын. Сонымен, көмпит дүңгіршекте болуы әбден ықтимал. Алайда тапқан күннің өзінде батырып алуға батылымыз жетпей, бір-бірден аламыз. Қонақ келгенде, соғымбас бергенде дастарханның сәнін келтіреді деп сақтап қойған анамың көмпиттерін біз – үйдегі жетеу» бір-бірілеп тауысатынбыз. «Ұры» болғандықтан, ұрлығымыз ашылғанға дейін қуыстанып, біліп қойса қайтеміз деп қысылып жүретінбіз. Соғым сойылып, соғымбас беретін күн таяғанда анамыз дорбаның тесілігін, көмпиттің түгесілгенін байқайтын. Сәл кейігені болмаса, қатты ұрыспайтын. Бала көңіл «Ұрыспайтың бар, анамыз соны бізден несіне жасырады екен?» дейтін едік. Алма демекші, ауылда алманың қуны қыстың күні алтынмен пара-пар болатын. Біздің жақтың ауа-райының қытымырлығына байланысты жеміс те біз үшін көмпиттей таңсық еді. Қазір қайдам, әлде сол кезде біздің ауылдың адамдары жалқау болды ма екен? Жеміс ағаштарын егіп, оны күтуге мойны жар бермеген бе? Алайда кейбір некен-саяқ ауылдастарымыздың немесе көршілес орыс ауылдарының бау-бақшаларында әздал болсын жүзім мен алма ағаштарының өсетінін, жеміс беретінін білетінбіз. Соған қарағанда кінә ауа-райының

қолайсыздығында емес, өзімізде болғаны-ау. Сонымен не керек, бірді-екілі үйді айтпағанда біздің ауылда алма болмайтын. Кейде ұсақ, көк алма өсетін көршілес орыс ауылының бағына жол тартатынбыз. Ол ауылда тек бірыңғай орыс қана емес, қазақтар мен немістер де тұратын. Ауылдағы жалғыз мектеп орыс тілді болғандықтан, тұрғындарының бәрі – орыс мен қазағы, немісі де орысша сөйлейтін. Тіпті, өзіміздің ауылдың кейбір қаратаяқтары да балаларын сол ауылдағы орыс мектебінде оқытатын. Оларды мектепке рейсті автобус емес, колхоздың жеке автобусы таситын. Біздің ауыл мен көршілес орыс ауылының арасы бес-алты шақырым. Алма бағы екі ауылдың ортасында, орыс ауылына жетер жетпес жолдың бойында орналасқан еді. Ол кезде кішкентай біз үшін бес-алты шақырым көп көрінетін. Аудан орталығы көзімізге үлкен шаһардай көрінген соң не сұрайсыз? Екі ауылдың арасында автобус жиі қатынағанымен, біз баққа жаяу-жалпылай, кейде белсебетпен барғанды жөн көретінбіз. Алма бақты сол ауылдың колхозына тиесілі дейтін. Алайда оны қорып жүрген күзетшіні ешқашан байқаған емеспіз. Сондықтан баққа емін-еркін еніп, қышқылтым алманың сөлін құшырлана сорып, жегенімізше жеп, қалғанын дорбамызға салып, риза кейіппен үйге қайтатынбыз. Біздің жаңа жылдық сыйлықтың қорабына көмпиттен басқа көптен күткен ең маңызды «сыйлық» – алма салынатын. Сыйлықтың қорабын ашпай тұрып-ақ, ішінде алма бар екенін ойлағанда кеудемізді шаттық кернейтін. Терезеге қарасаң – аппақ қарға оранған, үлдеп боран соғып тұрған дала, үйде – жаз әлде күз бе екен. Жасыл шырша құрылған бөлмедегі жаңа жылдық алма жұпар иісі мен көздің жауын алатын қып-қызыл түсімен ғана үйдің ішіне керемет кеңістік сыйлайтын. Жоқ, жаңылдым, бір алма емес, үйде неше оқушы бар, соның барлығы шүпірлеп, қораптарынан бір-бір алмадан алып шыққан кезде үйдің іші алма бағына айналып кеткендей көрінетін. Алманы бірден жей қоймайтынбыз. Алдымен иісінен көңіл хошымыз кіріп, түріне

қарап, көз тойдыратынбыз. Кейін кімдікі үлкенірек деп салыстыруға көшетінбіз. Шыдамсыздарымыз бойда жүрсін деп сол кеште-ақ жеп қойсақ, арамыздан ертеңге дейін жемей, сақтап қоятын мықтылар да табылатын. Кейін Алматыға оқуға түсіп, студент атанып, шаруашылық жұмыстарына барғанда алма бақтан самсап өсіп тұрған алманы өз қолымызбен де тердік, басқаның сыйлап берген алмасын да жедік. Бірақ солардың ешқайсының иісі мен дәмі ауылдағы жаңа жылдық алмаға жеткен емес.

Айнаш ҚАСЫМ



тіпті қыздарға қажетті, келбетін келістіре түсетін косметиканың түр-түріне интернет дүкендер арқылы қол жеткізуге болады. Әлбетте, жұрт ойындағысын табамын деп ой-қырды аспаса да, қалауына қол жеткізу үшін базарды толық аралауға тура келеді. Сондықтан сыртқа бір адым баспай-ақ, таңдауын табанынан тозып іздемей, үйде отырып тұтынатын өнімге тапсырыс берген тиімді. Өдетте тілегеннің табыла қоюы екіталай. Жұмыстан қолы босмайтын көпшілік жексенбіні күтіп, қажеттісін таңнан қара кешке дейін жүріп таба алмауы бек мүмкін. Ондайда «қап» деп қапаланудан басқа амал да қалмайтын. Ал, қазір базардан іздегінін ізім-қайым жоқ болса, шарқ ұрып іздеп, шыр айналуың қажеті шамалы. Өйткені жұмыста отырып та, қол қалт еткен кезде өрі-бері сеңделмей керекті тауарға тапсырыс беру мүмкіндігі бар, тиісінше айтылған мекен-жайға жеткізіп беретіні тағы бір жұмысты жеңілдетеді. Яғни, интернет дүкеннің басты артықшылығы – көпшілік уақытты ұтымды пайдалана алады. Қандай да бір тауарды төлемін жасап алған соң, сапасы сын көтеріп, талапқа сай, көңілге қонымды болғанын қалайды көбісі. Киім аралап жүргенде де, үстіне құйып құйғандай шақ болғанмен бірден ала кету болмайды. Міндетті түрде сатып алушы тарапынан сатушыға қай елдің өнімі екенін, матасы, сапасы жөнінде сұрақтар қойылып, бағасы да сұралады. Қайткенмен де базардың сол орнынан енді сауда жасағандықтан көңілде күмән болатыны ақиқат. Ал, интернет дүкеннің бірінен көздің жауын алатын өдемі көйлек көзіңізге түсті делік. Ол жерде сол көйлектің суретімен қатар, қай елдің тауары, көйлек өлшемі, бағасы сынды басқа ақпараттар беріледі. Сондай-ақ, өзге адамдардың сол дүкенге қатысты айтылған жағымды, жағымсыз пікірін, көйлекті бұрын алғандардың ойын оқып білуге болады. Яғни, сонда жазылған пікірлерден қорытынды жасап, көңілдегі күмәнді кішкене болса да сейілтіп, сенімді тапсырыс беруге жағдай жасалған. Қымбатшылық қысымына еті үйренген жұртшылық шарықтаған бағаға шағым айтаптын болған. Аспандаған бағадан соң арзанға жүгірмей, сапасын да сараптап алғанды жөн көреді. Осы ретте, интернет дүкеннің тауарлары базарға қарағанда сапалы нәм бағасы қалта көтереді. Яғни, дүкен жұмысын интернет арқылы жасағандықтан, базар сатушылары секілді орынды жалға алып, ақы төлеп бас ауыртпайды. Оның үстіне аталған дүкен иелері өнімді тікелей өздері әкелетіндіктен, ортадағы делдалдарға ақша шығындамайды. – Мен көбіне Kaspi-ден тапсырыс беремін. Соңғы рет косметикаға тапсырыс бергенім, үйге уақытында жетті. Сапасына айтар сын жоқ. Өйткені дәл суретте көргенімдей



келді, тіпті қаптамасының өзі қабат-қабат. Бәрі ұқыпты жасалған, көңіліңнен шықты. Дей тұрғанмен, тапсырыс бермес бұрын бәрін алдын ала зерттеп, тексеріп алған артықтық етпейді. Кейбір арзан сайттар және онлайн дүкендерде көзбояушылық көп. Мәселен, киім-кешек немесе тұрмыстық техниканың, өзге тауарлардың суретін өдемілеп жүктеп, шынына келгенде ол ойындағыдай болмай шығады. Сол себепті тауарға қатысты барлық пікірді жақсылап оқып шыққан да жөн. Ал, базар бағасымен салыстырар болсам, ол әр кезде әрқалай болады, – дейді Сәуле Дүйсебек. Иә, расында да төлемді ерте алып, сазға отырғызып кететін аты бар, заты жоқ жалған дүкендерден сақтану керек. Сондықтан, ыждағаттылықпен бәрін ой елегінен өткізген дұрыс. Ақша желге кетіп, жүйке жұқармағанын қаласаңыз, дүкен туралы ақпаратты білуге ұмтылған жөн. Ал, көптің көңілінен шығып, тұтыншылардың талабын ескеріп, тілегін орындап жүрген интернет дүкендердің қарасы қалың. Сонымен, аталған дүкендердің басты артықшылығына тоқталдық, енді кемшіліктерін көрелік. Мәселен, сайттарда тек тауардың суретін ғана көзбен көріп, басқа ақпараттар алуға болады. Дей тұрғанмен, қолға ұстап, оның сапасын тексеретін жағдай болмайды. Тіпті, киім-кешек немесе аяқ киімге тапсырыс бергеннің өзінде, кейде өлшемдері сай келмей жатады. Ал, әлгіндей алаяқтықпен айналысатын дүкендер тауарды уақытында жеткізгенімен, киім дизайнында өзгеріс немесе сатып алушы таңдаған түстерден өзгесін ұсынып жіберуі ықтимал. Тағы бір айта кетерлігі, әр дүкеннің өзінің тапсырысты жекізу уақыты болады. Мәселен, бірінде бір апта ішінде, екіншісінде 1-2 ай көлемінде жеткізіледі. Сондықтан жақын адамға сыйлық жасау ойда болса, ерте қамданған абзал. Яғни, уақыт тығыз болған жағдайда алыстан тапсырыс беру өте тиімсіз. Интернет дүкеннің де кемшілігі көп деп килігуге болмас. Өркім өзі таңдау жасайды. Өйткені интернет дүкеннен сапалы тауарға қол жеткізіп, қуанғандар көп. Тіпті, қазіргі таңда онлайн дүкенге ойланбай-ақ, Қытай, Түркияның курстарын оқып, өздері тікелей сауда жасауға көшкендер де бар. Тек жұртшылықтың аңдамай жүріп ауыздан ұрып жіберетін алаяқтарға тап болмағаны игі.

Зарина АЙМАН

Кездесудің алғашқы минуттарында екі құрама да сақ ойнады. Алаң иелеріне тең есеп те жеткілікті еді. Содан болар, әр адымын аңдап басып, қорғаныста да, шабуылда да жинақы ойнады. Отандастарымыз да қарап қалған жоқ. Жеңісті қолдан бермейтін аңғартып, жасыл алаңда еркін қимылдады. Десе де, алғашқы тайм аяқталар тұста Ян Вороговский айып алаңында тәртіп бұзып, қақпамызға пенальти белгіленді. Бенджамин Сеско мүмкіндікті мүлт жібермей, есеп ашты.

Екінші тайм бастала бере қазақстандықтар есепті теңестіріп кетті. Рамазан Оразов қақпашыны қапы қалдырып, үміт отын жаққандай болды. Бұдан кейін Словения құрамасының ойыншылары шабуылдан гөрі қорғанысқа көп көңіл бөліп, реті келгенде ғана қарымта шабуылға шықты. Ол түсінікті де. Тең есептің өзі Еуропа чемпионатына қатысуға мүмкіндік беретінін жоғарыда жаздық. Отандастар болса, қанша шабуылдаса да жеңіс добын соға алмай, кездесудің соңғы минутында қақпасына екінші допты өткізіп алды. Гол авторы – Бенджамин Вербич. Осылайша, кездесу 2:1 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешіліп, Словения құрамасы Еуропа чемпионатына жолдама алды.

Жалпы дода тартысты өтті. Бұған дейінгі іріктеу кезеңдерінде аз ұпай жинап, топта соңғы орындарға жайғасатын. Бұл жолы 18 ұпайды қоржынға салып, өзіндік рекорд орнатты. Топта

Словения төрінде сенсация орын алған жоқ. Өкінішке қарай, футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы сырт алаңда Словениядан 2:1 есебімен ұтылып, келесі жылы Германияда өтетін Еуропа чемпионатына берілетін жолдамадан қағылды. Біріншілікке бір ғана қадам қалған еді...



Қазақстан-Словения: Үміт пен өкініш

бірінші орын алған Дания құрамасын іріктеуде жеңген жалғыз құрама атанып, әлем назарын аударды. Не десек те, соңғы жылдары қазақ футболының жаңа деңгейге көтерілгенін атап өткен жөн. Ендігі үміт – Ұлттар лигасында. Ол турнирде отандастарымыз жеңіске жетсе, Германияда жалауын желбірететін Еуропа чемпионатына қатысуға мүмкіндік бар.

Қазақстандық футболшыларға өкпе жоқ. Аяқдопшыларды әуежайдан арнайы күтіп алған туризм және спорт министрі Ермек Маржықбаев та спортшылардың еңбегін жоғары бағалап, тартысты ойын сыйлағаны үшін алғыс білдірген болатын.

– Еңсені түсірудің қажеті жоқ. Құрама талантты футболшылармен жасақталған.

Бұл ойын өрнегімен әлі талай жетістікке жетеміз! – деді министр.

Өз кезегінде ұлттық құраманың бас бапкері Магомед Адиев жанкүйерлерге зор қолдауы үшін ризашылығын атқан еді.

– Мен жігіттеріме алғыс айтқым келеді. Олар нағыз батырлар. Мен олардың көңіліндегі кірбінді жақсы түсінемін. Себебі, өзім спортшы болдым, үлкен нәтижеге бір қадам қалып тоқтау өте қиын. Бұл спортшы үшін ең ауыр жеңіліс, – деді Магомед Адиев.

Әлеуметтік желі мен БАҚ бетінде бас бапкер жеңілістен сабақ алып, жеңіске ұмтылысты үдететінін айтқанын білеміз. Бұл сөзде жан бар еді. Себебі Еуропа біріншілігінің іріктеу кезеңі

аяқталғаннан кейін жанкүйерлердің көкейінде «Адиев ұлттық құрамада қала ма?» деген сауал туындағаны белгілі. Бұған Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Бәрменқұлов жауап беріп, спортсүйер қауымға жаңалық айтты.

– Ұлттық құраманың бас бапкері Магомед Адиев қызметін жалғастырады. Біз бірлесіп ел футболын дамытудың жоспарын түземіз. Ауқымды жобаны стратегиямыз бен ыңғайымызға қарай жүйелеп, дамыту бағытын саралаймыз, – деді Ә. Бәрменқұлов.

Айта кетейік, Магомед Адиев 2022 жылдың көктемінде Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкерлігіне тағайындалған болатын. Бұдан кейін ұлттық құрама Ұлттар лигасында Әзербайжан, Словакия, Беларусь құрамасымен ойнап, көш бастады. Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінде 10 кездесудің алтауында жеңіске жетті.

НҮРБЕК – СПАРТАКИАДА ЧЕМПИОНЫ



Жазғы Спартакиада ойындарында 80 келі салмақтың финалдық жекпе-жегі әлем чемпиондары арасында өтті.

Тартысты айқаста 2019 жылы Ресейде өткен әлем біріншілігінің чемпионы маңғыстаулық Бекзат Нұрдәулетов Астана қаласының боксшысы, осы жылы Өзбекстанда өткен әлем чемпионатының жеңімпазы Нұрбек Оралбайға есе жіберді.

«Барымды салдым, Бекзат осал қарсылас емес. Ендігі меже келесі жылы Италия елінде өтетін лицензиялық турнирде жолдама олжалау. Одан кейін Париж жазғы Олимпиадасының медалін иеленуге барымды саламын. Қазақ еліне Олимпиада алтынын тарту етуім керек», – деді Нұрбек Оралбай.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНАН 11 МЕДАЛЬ



Ташкентте дзюдо күресінен жастар мен жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты өтті. Еліміздің жастар құрамасы құрлық додасынан 11 медаль иеленді.

Ташкент төріндегі Азия чемпионатында 60 келі салмақта Талғат Орынбасар финалдық белдесуде өзбек балуанын ұтты. 66 келі салмақта күрескен Жанарыс Рахметқали да алтын медаль үшін белдесуде өзбекстандық қарсыласын жеңді. 73 келіде Азия чемпионы атанған Алматы Әділет тәжік балуанынан басым түсті. 81 келіде Нұржан Бисенов те финалда өзбек спортшысын жығып, алтын медаль иеленді. Ал 90 келіде күрескен Мұхаммедәли Мавлидов Оңтүстік Кореяның балуанына есе жіберіп, күміс медальді місе тұтты. Ерлер додасында қола медаль 60 келіде сынға түскен Алдияр Қарғұловқа бұйырды.

Жастар арасындағы Азия чемпионатында қыздар да қайрат көрсетіп, Нұрайлым Сәрсенбек 48 келіде чемпион атанса, 63 келіде Гүлнұр Баханова күміс, Аружан Ережепова (52 келі), Дана Әбдірова (57 келі), Карина Такиева 78 келіден жоғары) Азия чемпионатының қола жүлдесін олжалады.

РЕЙТИНГ ЖОҒАРЫЛАДЫ



Халықаралық теннис федерациясы (ITF) жасөспірімдер арасында жаңартылған рейтингті жария етті.

Қазақстан теннис федерациясы мәлім еткендей, Мысырдағы турнирде табысты өнер көрсеткен Әмір Омарханов жеке келі сыйна бірден 42 сатыға жоғары көтеріліп, 57-орынға жайғасты.

Сондай-ақ Даниал Рахматуллаев 114-ке (+2), Виталий Зацепин 154-ке (+16) шықты. Ерасыл Ерділдә 234, Ілияс Маратұлы 244, Заңғар Нұрланұлы 331-сатыда тұр.

Қыздар арасында Асылжан Арыстанова көрсеткішін едәуір жақсартып, 85-тен 66-ға жоғарылады. Айя Нұпбай 204, Полина Слепцова 230-орында келеді.

СТАДИОНДЫ ЖИНАУ МӘДЕНИЕТ ПЕ, ТРЕНД ПЕ?

Жалпы, футбол жанкүйерлерінің мұндай әрекетіне көпшіліктің назары 2018 жылы ауды. Сол жылы футболдан Ресейде өткен әлем кубогында Жапония құрамасының жанкүйерлері стадионды жинап кеткен еді. Жапондардың тазалыққа деген құштарлығы алғаш рет 2014 жылы Бразилияда өткен әлем чемпионатында байқалған. Сол жылы көпшілік қауым жапондардың әрекетіне таңданысын жасыра алмаған еді.

жарыса жазғаны бар. Таңданысын жасырмаған-ды. Сөйтіп, онсыз да даму көрсеткіші арқылы әлемнің алдыңғы қатарында жүретін Жапония тағы бір қырынан танылған. Әрине, мұны жарнама дерсіз. Біздің пайымдауымызша, тазалыққа құмар болу жарнамадан бұрын адам бойындағы жағымды қасиет. Ұлттың сан қырының біреуі.

Әдетте футбол сүйетін жанкүйерлерді эмоцияға берілгіш, қызуқанды азаматтар деп бағалайтынымыз бар. Төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінде футбол

ретінде футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы мен Солтүстік Ирландияның, одан соң Сан-Марино командасының арасындағы матчтан кейінгі әрекетті айтар едік.

Бұрын футбол жанкүйерлерінің стадиондарды тазалайтынын сирек еститіміз. Әрине, жекелеген клубтарды жақтайтын еріктілердің мұндай әрекет жасағаны бар. Бірақ көп жағдайда стадиондағы тазалық жұмыстарымен арнайы мекеме мамандары айналысатын. Ал өткен қыркүйекте жастар ұлттық құраманың Солтүстік Ирландиямен болған матчтан кейін стадионды тазалады. Одан соң кеше ғана, 18 қазанда Сан-Марино командасымен болған ойыннан соң бұл дәстүр жалғасын тапты. Тазалық жұмыстарына қала тұрғындары, «Астана жастары» КММ белсенділері мен еріктілері атсалысты. Жанкүйерлердің белсенділігі ғана емес, олардың ауызбіршілігі де жұртты сүйсіндірді. Әлеуметтік желілерде игі бастаманы қолдаушылар мол болды. Жақсы бастаманың қолдау табатыны да байқалып жатыр. Бұл дәстүрді әр аймақтағы клубтардың жанкүйерлері де қолдап кетуі мүмкін. Өйткені игілігі мол бұл бастаманы танымал блогерлер мен әлеуметтік желі белсенділері байқап, назардан тыс қалдырмады. Олар Қазақстан құрамасы жанкүйерлерінің стадионды тазартып жүрген кадрларды парақшаларында жариялап, игі істің насихатталуына ықпал етті.

Қазақ халқы да тазалыққа құмар. Көктемде, Ұлыстың ұлы күнінде бұлақтың көзін ашып, төңіректі тазалайды. Күл-қоқысты шашпайды. Тазалықтың өзін обал ұғымымен байланыстыратын кезі аз емес. Тек қалалық бола бастаған соң тазалық жасауды коммуналдық қызметтің міндеті деп ұқтық па, оған мән беруіміз сиреген еді. Салғырттық жарыстарды көрермен ретінде тамашалаған кездерімізде де байқалатын. Енді сол кемшіліктің орны толатын сыңайлы. Қазақ жастары да мәдениетті, тәртіпті болудың мәнін ұға бастағаны сүйсінтті. Әдемі дәстүр бұл.

жанкүйерлерінің төбелескенін, стадиондардағы орындықтар мен түрлі жабдықты қиратқанын талай естігенбіз.

Қазақстанда да футбол фанаттарының жұдырықтасқан кездері болған. Дегенмен соңғы кездері жанкүйерлер арасында жақсы үрдіс басталды. Жақтасатын командаға рухани психологиялық дем беріп қана қоймай, отырған орнын тазалайтын дәстүр қалыптасып келеді. Сөзімізге дәлел



Олар балаларды мектеп кезінен бастап тазалыққа бейімдейді екен. Жапондардың бұл әрекетін ВВС-ден бастап, әлемнің ірі медиа құралдары

Бетті дайындаған Б.ШАҒЫРОВ

Сырдың қызы Италияда

– Музыкаға машық екеніңіз анық. Қазір Италияда біліміңізді шыңдап жүрсіз. Оқуға және жат елге үйренісу қиын болды ма?

– Операның отаны – Италия. Әр қаласында, әр ауылында опералық театр бар. Сондықтан кәсіби тұрғыда даму үшін білім қоры толығы керегін түсіндім. 3 курстың соңында шетелде оқу туралы ой келді. Сөйтіп 1 жылдан аса уақыт италиян тілін меңгердім. Мұнда оқып жатқаным 5 жыл. Алғашында қиналғаным рас. Өйткені мәдениет пен менталитеті, өмір сүру салты, әдет-дағдысы тым бөлек. Әсіресе тіл білу өте маңызды. италияндықтар өз тілінде ғана сөйлейді. Тіпті тез сөйлегенде сөзіне түсінбей, абдырап қалуың да мүмкін. Сондай-ақ халқы бәріне байыппен қарап, әр істі асықпай орындайды. Мәселен, бір құжатты кемінде 4-5 ай күтуге тура келеді. Қазір «жат ел» деп жатырқамаймын. Халқына, жеріне бейімделіп кеттім.

Қазақстанда вокалды жоғары деңгейде үйретеді. Ұстаздар аптасына 4-5 рет дәріс беріп, бар ынта-айтасына 2-3 сабақ болады. мұнда

ықыласымен Ал Италияда ғана сабақ Есесіне мүмкіндік көп. Маған ұнайтыны да сол. Өзің ізденіп, сырттай сабақтар алып, шеберлігіңді шыңдауға әрекет етесің.

– Романс таңдау қаншалықты қиын? Сахнада қандай туындылар орындап жүрсіз?

– Бұл – күрделі процесс. Репертуарға романс немесе арияны мұқият таңдау керек. Тырнақалды туындыны таңғажайып үнмен орындау шеберлік. Тула бойды толқытып, ой-сананы жаулап алатын музыканың деңгейін түсірмеген ләзім. Сондықтан әрқайсысын талғам мен талап арқылы таңдаймыз. Опера өнерінде дауыс сопрано, меццо-сопрано,

контральто, тенор, баритон және бас болып бөлінеді. Осының ішінде сопрано бағытында көп орындаймын. Содан болар, репертуарымда лирикалық шығармалар басым.

– Атақты өнерпаздардан тәлім алыпсыз. Бұл сізге қалай әсер етті? Италиялықтардың операға талғамы қандай?

– 2021 жылы Модена қаласында Паваротти-Френи атындағы театрдың опералық студиясына қабылдандым. Ең мықты өнер өкілдерінің дәрісін тыңдадым. Осындай мүмкіндікке ие болғаным мақтанш әрі жетістік. Мариелла Девиа, Хосе Каррерас, Леоне Маджерадан мастер класс алдым. Әр сабақ ұнады, ерекше өтті. Ұстаздарым қатал әрі талапшыл. Мұндай тәртіп пен ұстаным жас вокалистерге айқын бағыт берері анық. Қазір жақсы дауыс иесі болу аздық етеді. Опера – сан сала қиысатын үлкен өнер.



Нұрай Шалман – Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің түлегі. Кейін Италияның Пезаро қаласында Дж.Россини атындағы консерваторияға «Вокалдық өнер» факультетіне оқуға түскен. Қазір магистратурада опера жанрын тереңдетіп оқып жүр. Талантты жаспен әңгіме ербітіп, өнерге деген сүйіспеншілігін сездік.

Көмейден шыққан үннің таза шығып, ырғақ қалпын бұзбауды

назарға алған жөн. Жаттаған мәтіннің мазмұнын түсініп, кейіпкер мінезін зерттеу де маңызды. Сонда ғана өнер өз төріне шығады.

Италия халқының талғамы тым жоғары. Олар «Травиата», «Богема» сынды атақты опералардың ариясын жатқа біледі. Оң рет, тіпті жиырма рет тыңдаған. Сондықтан қойылымда қателесу нағыз сын. Мүлт кетуге қақымыз жоқ. Бұлбұл әнші ғана емес, талантты актриса да болуымыз шарт. Көрермен үшін рөл 100 пайыз сәтті шығу керек. Уақыт пен шеберлікті ұштастырып, көрерменге әдемі дүние ұсынуға тырысамыз.

– Өзіңіз үлгі тұтатын опера әртісі бар ма? – Меніңше, кез келген адамның үлгі тұтар ұлғасы болады. Бұл оның ұстанымын ұстанып, еліктеу деген

сөз емес. Өнер жолындағы жетістігін негіз етіп, сондай биікке ұмтылу. Майра Мұхаммедқызының өнері мен дауысына тәнтімін. Кәсіби білімі жоғары. Парижде өнер көрсеткен опера әншісі.

Сонымен қатар американдық сопрано Надин Сьерра жаныма жақын. 15 жасымнан бастап сүйіп тыңдаймын. Тіпті 2019 жылы Қызылордадан Мәскеуге жеке концертіне де барғанмын. Ерекше әсер алғаным есімде. Сол кісі сияқты күрделі арияны шеберлікпен орындап, әлем сахнасында өнер көрсетсем деймін.

– Қазіргі таңда қандай рөлді сомдап жүрсіз? Немесе атақты қойылымдар ішінен жаныңызға жарқын бейне қандай?

– Даңғыл жолымды қалау үшін тынымсыз дайындалып, түрлі байқауда бақ сынап жүрмін. Джузеппе Вердидің «Риголетто» операсын көрермен назарына ұсынбақпыз. Джильда рөлін сомдаймын, мәтін жаттауды бастадым. Жан-дүниеме жағатыны осы «Джильда». Әрине басқалары да бар. Бәлкім келер жылғы дебютімде қалауым орындалып қалар. Мақсат-мұратыма жетуге тырысамын және орындалатынына сенімім мол.

– Әдемі өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Замира ҚОНЫСЖАН



Сырдариялық жас маман Тұрар Жағыпаровтың бойынан осы қасиеттер табылып, тыңнан түрең салуға ерекше талаптанып жүр. Ол таяуда ғана аудан әкімінің «Өрлеу» жастар сыйлығын иеленді.

Жас маман №44 орта мектепте информатика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Білім ошағында еңбектеніп жүргеніне де көп болды. Әйтсе де, ол мұғалім деген ұғымның астарында не жатқанын және нағыз ұстаздың қандай болуы керек екенін жақсы түсінеді. «Мұғалім болу тек бала оқытудан тұрмайды. Оның мойнында ұшан-теңіз жауапкершілік бар. Қазіргі балалар ерекше. Жай ғана сабақ барысында таңғалдыра алмайсыз. Сондықтан мақсат үдесінен шығу үшін мұғалім күнделікті ізденіп, сабақ өту процесінде өзінің идеясымен ерекшелену керек. Әйтпесе, жүрдім-бардым қарап, көптің бірі болсаңыз, уақытыңыздың босқа өтіп жатқаны. Жатпай-тұрмай еңбектеніп, ізденгеннің арқасында ғана ұстаз баланың жүрегіне жол таба алады», – дейді Тұрар.

Жас мұғалім аудандық, облыстық деңгейдегі көптеген іс-шараларда белсенділік танытып келеді. Алақандай ауылдағы мектептің аясынан шығып, жұмыстан тыс уақытында аймақтың белсенді жастарымен бірге уақытын тиімді өткізіп, республикалық іс-шараларға дейін ат басын бұрып жүр. Онысын өзін-өзі дамытуға балайды. Әрине еңбегі қай кезде де жемісін беріп келеді. Ол «Қазақстанның үздік ұстаздары – 2020» республикалық байқауының жеңімпазы атанды. «Жалын-даған

жастық – жаңа белесі» жас педагогтардың жазғы лагерінде «Үздік топ басшысы» атағын жеңіп алды. «Жастар жылы» аясында аудан мұғалімдері арасындағы «Жайдарман» сайысында I орынды



Мұғалім болу тек қана

Мұғалім – бала жанының бағбаны. Иә, ұлылардан қалған сөз осылай дейді. Өспірінде бұл санаспайды. Бар уақыттың шақыртқан шыңдалуына арнап, мектеп бағдарламасына, тыс өмір санысына сәйкестеніп еңбектенеді. Ол үшін ізденіс пен көзгертіс еңбек керек.

Бала оқытудан тұрмайды

олжалады. Спорттық сайыста да мектеп қызметкерлерінен құралған команданың белсенді ойыншысы ретінде сан мәрте марапат мінберіне көтеріліп жүр. «Менің ойымша, жас мұғалім еңбек демалысын күтіп, уақыт өткізуге асығатын адам

Тоқты
Аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды сысырып қойып, жақындардың қасында болыңыз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Торпақ
Жоспарыңыз түгелдей орындалады.

Жұлдыз – Жорамал
Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр.

Егіз
Уақытыңызды текке өткізбеңіз. Батыл әрі нақты сөйлей біліңіз, шаруаларды жүйелейтін апта.

Шаян
Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз!

Арыстан
Сізді маңызды кездесу күтіп тұр. Жүрген жүрісіңізге де, киген киіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз.

Бикеш
Жақыныңызға сізден көмек керек болмау керек. Иә, ауыл баласымын. Менің де ауладағы ұсақ-түйек тіршілігім бар. Бірақ соның бәрінің қиюын келтіріп, уақытты үйлестіре білуім керек. Сондықтан еңбек демалысымды өзімді-өзім дамытуға арнаймын. Түрлі форумдарға қатысамын, аймақтың белсенді жастарымен бірге түрлі іс-шараларда белсенділік танытамын. Әсіресе жазғы лагерьден көпшілігі басын алып қашады. Мен керісінше, соған атсалысуға асығамын. Өйткені жұмыс ортаңнан ғана емес, түрлі ортадан мамандар келеді. Түрлі сала өкілдерімен бас қосатын форумдардан да алатыным көп. Өзімді-өзім дамытатын дегенім сол. Пікір алмасамыз. Мұғалім жан-жақты болу керек. Кез келген мәселеде пікір білдіре алатын, ойын айта алатын және соған сай білімі мен тәжірибесі бар адам болған жөн. «Мұғалімнің өмірі оқумен өтеді» деген сөздің жаны бар. Осылайша тәжірибелі ұстаз деңгейіне ұялмай жете аламын», – дейді жас ұстаз.

Әлбетте, мұғалім еңбегі бір жапырақ қағаз емес. Сан алуан жетістіктерге қол жеткізіп, әркез марапат мінберіне шығып жүрген Тұрар осы бір жапырақ қағаздың артында еселі еңбек, маңдай тер тұрғанын айтты.

«Әрбір жеткен жетістігім – маңызы жоғары, мен үшін құнды құрмет. Өйткені сол құрметке лайықты болудың өзі үлкен бір деңгей. Сегіз сағаттық жұмысты қиынсынағандар бар, ал тәулігіне жиырма төрт сағат жұмыс, ол мұғалімге тиесілі. Қоғам мұғалімнің мойнына көп жұмыс артып қойды. Бірақ соған қарамастан артылған жауапкершіліктің үдесінен шығу табандылық пен қажырлы еңбек. Қазіргі мұғалім осыған талпынып келеді», – дейді Тұрар Жағыпаров.

Ашығын айту керек, бүгінде баласы жақсы болса, «менің тәрбием», сотқар, тәртіпсіз болса, «мұғалімнің бергені» деп түсінетін ата-аналар жетерлік. Олар осылайша қоғамдық көзқарасты қалыптастырады. Шырылдап жүрген әрбір ұстаздың құрметке лайықты екенін әлем мойындағанда кей кісілердің мойындамауына таңданасың. Иә, біздің өңірдегі білім саласында мықтылар қалыптасып келеді. Алдыңғы толқынның ізін басып, жарқын болашаққа сергек көзқараспен қарайтын Тұрар сияқты талантты, бесапайт мұғалімдер тұрғанда кемел келешектің тұтқасын ұстар ұлдард есе беретіні анық.

Дәулет ҚЫРДАН

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz
БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ	Таралымы: 6931 Тапсырыс: 1858